



010000, Nur-Sultan qalasy,
Esil áydany, Mángilik El dańǵyly, 8-úı,
“Mınıstrlikter úıı” ǵımaraty, № 15 kireberis
tel: 8(7172) 74 01 07, faks: 8(7172) 74 04 54
e-mail: kense@mcs.gov.kz

010000, город Нур-Султан,
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8,
здание “Дом министерств”, подъезд № 15
тел.: 8 (7172) 74 01 07, факс: 8 (7172) 74 04 54
e-mail: kense@mcs.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
Депутаттары
Н.Н. Нұрсипатовқа
В.В. Волковқа**

*2021 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 16-13-12Д/С хатқа орай*

**Құрметті Нұржан Нұрланбекұлы!
Құрметті Владимир Васильевич!**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Сіздердің сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

2018 жылдан бастап жыл сайын Олимпиадалық спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды дайындау бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Министрлік пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитеті арасында шарт жасалуда. 2021 жылғы 8 қаңтардағы мемлекеттік тапсырыстың аясында Ұлттық Олимпиада комитеті қысқы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды Олимпиада ойындарына дайындығын қамтамасыз етеді.

Спорт резервін даярлаудың өзекті мәселелерін талқылау және бірлесіп шешім қабылдау мақсатында Министрдің төрағалығымен 2021 жылғы 17-24 тамыз аралығында өңірлік дене шынықтыру және спорт басқармаларының басшылары мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитеті өкілдерінің қатысуымен қысқы спорт түрлері бойынша бас жаттықтырушылар мен федерацияларды тыңдау өткізілді.

Тыңдау қорытындысы бойынша Пекин қаласында (Қытай) 2022 жылғы XXIV қысқы Олимпиада ойындарына дайындық барысы туралы жол картасы (бұдан әрі – жол картасы) әзірленіп, бекітілді. Жол картасында облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың дене шынықтыру және спорт басқармаларына,

ведомстволық бағынысты ұйымдарға, Ұлттық Олимпиада комитетіне және қысқы спорт түрлері бойынша федерацияларға нақты тапсырмалар берілген.

Сонымен қатар, 2021 жылғы 2 қыркүйекте Премьер-Министрдің орынбасары Е.Л. Тоғжановтың төрағалығымен бұқаралық спортты дамыту және Пекин қаласында (Қытай) 2022 жылғы XXIV қысқы Олимпиада ойындарына дайындық мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың, барлық өңірлер әкімдері орынбасарларының, бас жаттықтырушылардың, қысқы спорт түрлері бойынша федерациялардың, Ұлттық Олимпиада комитетінің қатысуымен кеңейтілген кеңес өтті. Онда, тиісінше, қысқы спорт түрлерін дамытудың проблемалық мәселелері бойынша хаттамалық тапсырмалар берілді.

Сондай-ақ, қысқы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командалары бас жаттықтырушылардың жеке басшылығымен бекітілген жеке дайындық жоспарларына сәйкес қысқы Олимпиада ойындарына белсенді дайындалуда.


2020 жылдан бастап 2022 жылғы қысқы Олимпиада ойындарына лицензияларды жеңіп алу бойынша түрлі әлемдік лицензиялық, рейтингтік турнирлер өткізіледі. Қазақстандық спортшылар, сондай-ақ басқа елдердің спортшылары да осы турнирлерге қатыса отырып, Олимпиада ойындарына қатысу үшін рейтингтік ұпай жинайды. Соңғы лицензиялық турнир 2022 жылдың қаңтар айында өтеді. 2022 жылғы қаңтар айының соңында рейтингтік турнирлердің қорытындылары шығарылып, лицензиялардың саны айқындалатын болады. Айта кету керек, Олимпиада ойындарының алдында біздің спортшылар 50-ге жуық лицензиялық турнирге қатысуды жоспарлап отыр. Қазақстандық спортшылар шаңғы жарысы, биатлон, конькимен жүгіру спорты, шорт-трек, фристайл-могул, фристайл-акробатика және тұғырдан шаңғымен секіру бойынша іріктеу жарыстарына қатысады.

Бүгінгі күні Министрлік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуде, онда дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның бұқаралық спортты дамыту және спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларға арналған спорт резервін дайындау бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысын бақылау бөлігінде бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру бойынша құзыретін күшейту көзделетін болады.

Министрдің міндетін атқарушы

Н. Дәуешов

 А. Есентаева

 74-11-84

 a.esentaeva@mcs.gov.kz